

Сариева А.А., Кабдуллаева Н.Т., Рауандина Р.З., Есекеева С.М.,

Аймуханова А.Б.

Қазақстан, Қарағанды қ.

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бала өмірге тап-таза «ақ қағаз» болып өмірге келмейді. Өмірге бейімделуге, қоршаған ортаны қандай да бір деңгейде қабылдай алуға қабілетті болып келеді.

Өмірінің алғашқы сәттерінен бастап бала адамдар арасында болады. Ол адамдарды көреді, сөздерін естиді, сөз адамның бар екендігін білдіретін бастапқы шартты тітіркендіргіш болады. Бала 3-4 айлық кезінде-ақ анасын, өзін күтетін басқа адамдарды да ажырата алады. Барлық жағдайда да дауыс адамдарды ажыратудың айтарлықтай мәнді белгісі болады. Бұл уақытта бала тиісті мимикаға байланысты дауыс ырғағын ажырата бастайды.

Психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеу әрекеті жас нормаларынан артта қалып дамиды және бірқатар ерекшеліктерге ие болады, яғни: осы шақта болып жатқан дыбыстарға төмен деңгейде әрекет етуі, ысқырық, ызың дыбыстарының, «р» дыбысының айтылу жеткіліксіздігі, артикуляциялық аппараттың енжар болуы, дыбыстардың бұрмаланып айтылуы, фонематикалық есту мен фонематикалық қабылдаудың, дыбыстардың орнын, ретін, санын анықтау бойынша ақыл-ой әрекеті жеткіліксіз қалыптасқан.

Психикалық дамуы тежелген балалар үшін талдағыштар арасындағы өзара іс-қимылын, атап айтқанда, олар есту қозғалыстары мен көру қозғалыстарын қиындықпен құрайды. Сондықтан олар фонема мен графема арасындағы сәйкестікті қиындықпен орнатады: дыбыс пен әріп арасындағы байланысты әрең анықтайды, бұл айтарлықтай оқу мен жазуға деген жұмысты қиындатады.

Көптеген жалпы қолданыстағы сөздердің мағыналарын қате түсініп, олардың орынсыз қолданылу жағдайлары орын алады: «кесе» орнына «стақан», «гүлзар» орнына «гүлдер»; лексикалық мағынасы әр түрлі сөздер, бірақ айтылуы мен дыбысталуы ұқсас сөздер, балалар осындай сөздердің мағыналарын айыра алмайды: «суарады»-«төгеді», «төгеді»-«төгіледі»; сөздерді жақын мағынада қолданады: «бақ»-«ағаштар», «қалпақ»-«бөрік»; тұтас тұрғысында қолданылатын сөздердің орнына керісінше бір бөлігін ғана айтады: «ыдыс аяқ»-«табақ», «киім кешек»-«көйлек»; белгілі бір сөздердің, заттардың атауын сипатталған жағдаймен немесе іс-қимыл әрекетімен ауыстырып айтады:

«пошташы»- газеттер мен хаттары тасушы, «ит үйшігі»- бұл жерде ит өмір сүреді, «мектеп»- бұл жерде балалар оқиды.

Сын есімдердің ішінен тек қана сапалықты білдіретін, тікелей қабылданатын белгілерді (түсі, пішіні, өлшемі) қолданады, антонимдер мен синонимдер сияқты тіл құралдарын жеткіліксіз меңгерген. Сөйлеу барысында үстеу мен есімдіктер жеткіліксіз болып келеді. Мұндай балалар оқыту барысында алынған жаңа сөздер мен ұғымдарды сөздік қорларына баяу қосады. Ал қалыпты жағдайда бала алған білімін күнделікті білім қорына қоса алуы қажет.

Психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеу дамуының ерекшелігі, олардың жасқа сай сөзжасам үдерісінің тежелуінен байқалады. Әдетте, сөзжасам шығармашылығы үдерісі қалыпты дамудағы балаларда, мектепке дейінгі жаста, өте қарқынды жүреді, мектепке келу алдында аяқталады. Ал, психикалық дамуы тежелген балаларда, бұл үдеріс ұзаққа созылады, яғни, бастауыш мектеп жасында жалғасады. Балалар тілдік нормаларды сезінбейді, аграмматикалық формаларды қолданады, неологизмдер көп кездеседі. Ақыл-ойы кем балаларда мұндай сөзжасам шығармашылығы кезеңі мүлде болмайды. Психикалық дамуы тежелген балалардың неологизмдерінің өзіндік спецификасы бар: бұл «жартыкеш» сөздер болуы мүмкін, морфемалардың қисынсыз бірігуі болуы, кішірейткіш жұрнақтардың орынсыз қолданылуы болуы мүмкін. Психикалық дамуы тежелген балалардың дыбыстау кемшіліктері арасында, әсіресе, ызың дыбыстар (с,з) және үнді дыбыстарды (м,н,л,р) айтудағы қателіктер жиі кездесетін болса, ал 5-9 жастағы қалыпты балаларда бұл кезде, үнді (р және ызың ш,ж,ч,щ) дыбыстарын айту бұзылыстар байқалады. Бастауыш сыныптағы психикалық дамуы тежелген оқушыларда оқу мен жазу дағдыларын меңгеруде, түрлі қиындықтарға ұшырасады. Олардың басым бөлігінде, бұл қиындықтар тұрақты дисграфия мен дислексияға ұласады. Мұның себебін зерттеген ғалымдардың пікірінше, негізгі себеп- сөйлеудің жүйелік сипатта әртүрлі бұзылуы мен оның тілдік жүйеге әсері. Психикалық дамуы тежелген балалардың жазуындағы кездесетін қателер, олардың қалыпты құрбыларымен салыстырғанда, анағұрлым көп. Отандық ғалымдар жазудағы қателердің себебін, көру қабілетінің бұзылуымен байланыстырып қарастырады. Графикалық дағдылардың қалыптасуындағы басты рөлді, баланың жазудағы техникалық әдістерді меңгеруі мен жазатын қолының дұрыс координациясы атқарады. Қимыл- қозғалыс координациясы мен қол моторикасының бұзылуы, психикалық дамуы тежелген балаларда жиі кездесетіндігін, көптеген авторлар дәлелдейді.

Психикалық дамуы тежелген балалардың көбісінде импрессивті және экспрессивті, ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар.

Импрессивті сөйлеу тілі айтылған сөзді естіп қабылдауының жеткіліксіздігімен, сөйлеу дыбыстары, жіңішке реңкті дыбыстар мен жекелеген сөздердің мағынасын айыра алмауымен сипатталады.

Экспрессивті сөйлеу тіліне: дыбыс айту бұзылыстары, сөздік қорының кедейлігі, тілдің грамматикалық жинақтылығы құрылымының жеткіліксіздігі, грамматикалық стереотиптердің болуы, аграмматика, сөйлеу белсенділігінің төмен болуы тән.

Тіл кемістіктерінің көрінісі жалпы сөйлеу тілінің дамымауын, сөйлеу тілінің кешіктіріп дамуын көрсетеді. Сонымен қатар, сөйлеу тілінің дамымауы ауызша интеллектуалды қабілеттерінің жеткіліксіздігінен де көрініс табады.

Біздің тәжірибемізде балаларды логопедиялық тексеру барысында дыбыс айту бұзылысы бар балалар ғана емес барлық балаларда дерлік артикуляциялық моторика сақталған балалар жиі кездеседі. Ал ерік-жігер саласының ерекшеліктеріне байланысты күрделі емес инфантилизмі бар балалардың сөйлеу ерекшеліктері анықталады. Бұл ретте әңгіме эмоциялық қимылмен қатарласа жүреді. Белгілі бір шеңбермен сөйлеу қызметін шектейтін тапсырмаларда ойлану керек болған жағдайында, нақты тұжырым жасауда, нақты сөздік рәсімдеуде, сөздерді таңдау қиындығы, оларды орынсыз қолданылуы, сөйлеу әрекеті белсенділігінің төмендеуі байқалады.

Қорытындылай келе психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеу тілі бұзылыстарының симптоматикасы мен механизмдері біркелкі болмайды. Оған біздің күнделікті жүйелі жұмысымыздың нәтижесінде көз жеткізе алдық. Оның өзі әр баланың жеке бас ерекшелігіне байланысты. Сондықтан да әр бала жеке жағдайды талап етіп тұрады. Біз де өз кезегімізде балалардың даму барысына барынша қызмет етуге дайынбыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кушербаев А. Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының ерекшеліктері //Дефектология. 2011. №3. 17 б.
2. Кальпебаева Г. Психикалық дамуы тежелген балаларды ақыл-есі төмен балалардан ажырату. //Дефектология. 2010. №4. 15 б.
3. Мазанова Е.В. Логопедия. – Москва, 2004.
4. Аржанова Е.В.Педагогикалық жәрдем беретін сыныптарда «қиын» балалармен психологтың жұмыс тәжірибесінен. Дефектология-1995ж.-№2